



СПОРТ ШЕБЕРІ МАСТЕР СПОРТА

№27(36)
қараша-желтоқсан 2020

*Мы хотим все
рекорды наши
звонкие дать и мена!*

**ИНТЕРВЬЮ С ПРЕЗИДЕНТОМ АКАДЕМИИ
СПОРТА И ТУРИЗМА
ЗАКИРЬЯНОВЫМ КАЙРАТОМ
КАЙРУЛЛИНОВЫМ
О СОБЫТИЯХ 16 ДЕКАБРЯ 1986 ГОДА**

**ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ
«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ
ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ» –
В ДИСТАНЦИОННОМ ФОРМАТЕ**



**КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
ОТМЕТИЛА СВОЙ 76-ОЙ ДЕНЬ РОЖДЕНИЯ!**



**ҚАЗСТА СТУДЕНТІ
ҚР ДЖИУ - ДЖИТСУ
ЧЕМПИОНЫ
АТАНДЫ**



**ЕРТУҒАННЫҢ
ЕҢБЕГІ ЕШ
КЕТКЕН ЖОҚ**



**АКАДЕМИЯ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ
ЖЕТІСТІКТЕРІ**



Страницы истории КазАСТ

Руководители КазИФК

Большая заслуга в развитии института с момента открытия принадлежит его руководителям.

С 1945 по 1950 год КазИФК возглавлял **Шамиль Шакирович Бекбаев**. В 1945 году он окончил Республиканский техникум физической культуры. На руководящей работе Ш.Ш. Бекбаев проявил недюжинные организаторские способности. В 1936 году он занимает должность начальника физподготовки дивизии, а в 1938 году – начальника учебно-спортивного отдела Республиканского совета ДСО «Спартак». За годы руководства институтом сумел объединить в нем наиболее видных преподавателей, лучших специалистов СССР и Казахстана. Большое значение для деятельности института имели сделанное им разработки, в которых были намечены основные направления подготовки физкультурных кадров высшей и средней квалификации, пути развития физической культуры и спорта в республике.

С 1950 года директором Казахского института физической культуры становится **Мертай Сералиевич Сералиев**. Он окончил Центральный ордена Ленина институт физической культуры в Москве и вместе с группой выпускников был направлен в Казахстан. Особенно большую роль он сыграл в организационном укреплении первого в республике среднего специального учебного заведения – техникума физической культуры, который к 1940 году подготовил около 700

специалистов с соответствующим образованием.

С 1952 по 1971

год институт возглавлял **Хамза Мухамеджанович Мухамеджанов** – выпускник Центрального ордена Ленина института физической культуры (Москва). Под его руководством в институте была усовершенствована вся система обучения, традиции которой сохранилась и по настоящее время. По качеству подготовки специалистов, спортсменов высокого класса институт постоянно занимал ведущие позиции среди профильных вузов СССР. С его именем связано развитие материальной базы института, строительство нового учебного корпуса спортивных игр, бокса, борьбы и тяжелой атлетики, студенческого общежития. Все эти сооружения функционируют до настоящего времени.

В течение семи лет (1971-1978) институтом руководил **Канапия Габдуллинович Ахметов**. Во время Великой Отечественной войны он был командиром взвода. Окончил Казахский государственный университет им. Кирова и Академию общественных наук при ЦК КПСС.

К.Г. Ахметов – высокоэрудированный и талантливый руководитель. В период его руководства были построены плавательный бассейн, легкоатлетический манеж, столовая и 60-квартирный жилой дом; реконструированы залы для занятий боксом, борьбой и тяжелой атлетикой.

С 1978 по 1982 год ректором КазИФКа был **Еркен Шалабасович Асенов**. Он родился



в с. Аксай Хобдинского района Актюбинской. В 1969 году был назначен заместителем председателя Спорткомитета Казахстана. В 1978 году перешел на работу ректором КазИФКа. Будучи человеком с большим опытом и глубокими знаниями, имеющий организаторские способности, хорошо знающий проблемы спорта, качественно улучшил работу всех кафедр института.

В 1982-1986 годах КазИФК возглавлял **Аскар Белялович Утешев** – выпускник Казахского государственного медицинского института, доктор медицинских наук, профессор. В годы его руководства в институте уделялось большое внимание подготовке научных кадров высшей квалификации.

В 1986 году ректором Казахского института физической культуры был утвержден **Бектлеу Каражанович Каражанов** – доктор педагогических наук, профессор, президент Олимпийской академии Казахстана. В Казахском институте физической культуры начал работать в 1973 году. С 1974 по 1984 год работал старшим преподавателем кафедры теории и методики физического воспитания, с 1984 года – заведующим кафедрой. Успешно сочетал учебно-педагогическую деятельность с тренировочной и научно-исследовательской работой. Ему было присвоено звание заслуженный тренер Казахстана.

В 1998 году ректором института был назначен д.п.н.,



БЕКБАЕВ
Шамиль Шакирович
(1945-1950)



СЕРАЛИЕВ
Мертай Сералиевич
(1950-1951)



МУХАМЕДЖАНОВ
Хамза Мухамеджанович
(1951-1971 гг.)



АХМЕТОВ
Канапия Габдуллинович
(1971-1978 гг.)



АСЕНОВ
Еркин Шалобасович
(1978-1982 гг.)




УТЕШЕВ
Аскар Белялович
(1982-1986)



КАРАЖАНОВ
Бектлеу Каражанович
(1986-1998 гг.)



ЗАКИРЬЯНОВ
Кайрат Кайруллинович
(1998-2012 гг.,
ректор и президент КазАСТ)



ЗАКИРЬЯНОВ
Бауржан Кайратович
(с 2012 г.)

профессор **Закирьянов Кайрат Кайруллинович**.

В 1998 году был открыт докторский диссертационный совет, на котором защищено 16 докторских и более 100 кандидатских диссертаций. Существенно повысился научный потенциал академии. В 1998 году число преподавателей с учеными степенями составляло 26,5%, а в 2010 году – уже 49,3%. На 50% за этот период возросло число докторов наук и профессоров.

За последние годы учебно-производственная площадь академии выросла в шесть раз. За эти годы достоянием академии стал стадион «Локомотив», создан Музей спортивной и олимпийской славы, возвращено студенческое общежитие по улице Курмангазы, построена оздоровительная база на Капчагае, горнолыжная база в Талгарском ущелье, приобретены в собственность все земельные участки под объекты академии. Осуществлен

капитальный и строительный ремонт всех учебных и спортивных сооружений. Сегодня академия – это современный вуз, соответствующий всем необходимым требованиям и имеющий все условия для качественной подготовки специалистов и профессионального роста педагогического коллектива.

В 2005 году К.К.Закирьянов был избран президентом акционерного общества «КазАСТ»

КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА ОТМЕТИЛА СВОЙ 76-ОЙ ДЕНЬ РОЖДЕНИЯ!



14 ноября казахстанская кузница Олимпийских чемпионов – Казахская академия спорта и туризма отметила свой 76-ой день рождения!

На расширенном заседании Ученого совета с поздравлением выступил президент Казахской академии спорта и туризма, профессор Закирьянов Кайрат Кайруллинович.

В прошлом году на торжественном заседании, посвященном 75-летию юбилею академии, президент в своем докладе подчеркнул, что Казахская академия спорта и туризма в течение ближайших 25 лет должна провести работу, чтобы стать «Спортивным Гарвардом 2020-2044». В этом году кол-

лектив нашей Академии ведет интенсивную работу по программе «Спортивный Гарвард Казахстана 2020–2044».

Ежегодно в день рождения нашей академии подводятся итоги внутривузовского конкурса по различным направлениям, среди студентов и магистрантов, преподавателей и сотрудников.



Победители конкурса

1. Лучший наставник-тренер года; Жылдың Үздік жаттықтырушысы **Хапар Есентай**
2. Лучший студент-спортсмен года; Жылдың Үздік студент-спортшысы **Карими Милад**
3. «Лучший эдвайзер года»; «Жылдың үздік тәлімгері» **Батырбеков Нұржан Нұрланбекұлы**
4. «Лучший активист года» по образовательной программе (Туризм, Спорт); «Жылдың үздік белсенді студенті» (Туризм, Спорт),
 - a) «Физическая культура и спорт» – **Бұрхан Жолбарыс Мақсатұлы**
 - b) «Туризм и РДИГБ» – **Алибекова Асель Капановна**
5. «За лучшую научно-исследовательскую деятельность им. А.С. Иванова» «Александр Сергеевич Иванов атындағы үздік ғылыми-зерттеу жұмысы» **Имангулова Татьяна Васильевна**
6. «За лучшую научно-исследовательскую деятельность среди обучающейся молодежи» – **Нурмухамбетова Жангуль Кайриденовна**
7. «Лучший студент-отличник года» факультета «Туризм»
Туризм Факультеті бойынша «Жылдың үздік студенті» **Батырбекова Мадина** – студентка 4 курса
8. «Лучший студент-отличник года» факультета Олимпийского спорта
Олимпиадалық спорт Факультеті бойынша «Жылдың үздік студенті»
 - a) Сайдалин Ильяс- студент 3 курса
 - b) Ниязова Ниннель – студентка 3 курса
9. «Лучший молодой преподаватель года» «Жылдың Үздік жас оқытушысы»
Ерданова Гулшырын Серикбайқызы
10. «Лучший преподаватель года» «Жылдың Үздік оқытушысы» **Кефер Наталья Эгоновна**

Отдел по делам молодежи



ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ» – В ДИСТАНЦИОННОМ ФОРМАТЕ





По заявкам Управления спорта, спортивных организаций, Управления образования Республики Казахстан, Казахской академией спорта и туризма, отделом послевузовского образования и карьеры организованы и проведены курсы повышения квалификации, которые проводились в дистанционном формате. С 10 по 24 ноября 2020 г. были проведены курсы на тему: «Дене шынықтыруды оқытудың қазіргі жағдайы» для тренеров и учителей физической культуры на государственном языке, а с 07 по 23 декабря 2020 года на тему «Современное состояние обучения физической культуре» на русском языке. Курсы проводились на платформе Webex Meeting, которая позволяет проводить аналогичные курсы по различным направлениям.

Были привлечены ведущие специалисты в области Теории и методики тренировочного процесса, медико-биологического цикла, психолого-педагогического направления и менеджмента. Ведущий специалист с антидопингового центра Республики Казахстан Жумабаева Г., врач высшей категории по спортивной медицине Аханова Р.А., доктор педагогических наук, профессор Андрущишин И.Ф., кандидат биологических наук, доцент Лесбекова Р.Б. и другие.

На курсах приняли участие тренеры спортивных организаций и учителя физической культуры средних школ, колледжей и лицеев всех регионов Казахстана.

Итогом проведенных лекций был круглый стол, на котором слушатели задавали интересующие их вопросы лекторам курсов, а также ими были озвучены пожелания и рекомендации по дальнейшему проведению подобных курсов по Адаптивной и лечебной физической культуре, по психолого-педагогическим направлениям. По окончании курсов были выданы удостоверения.

**Руководитель отдела послевузовского образования
и карьеры Шалабаева Л.И.**



АКАДЕМИЯ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОРТАЛЫҚ МҰРАЖАЙҒА САПАРЫ



Тұңғыш Президент күніне орай академияның белсенді студенттері Орталық мұражайдың Елбасыға арналған залында болып қайтты. Бұл күннің шығу тарихына шолу жасар болсақ, 2011 жылдың 10 желтоқсаны күні ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының бастамасымен «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» ҚР Заңына толықтыру енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданған болатын. Заң 1 желтоқсанда аталып өтілетін – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Күнін белгілеген еді. ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттің бірлігін, конституциясын, адам құқықтарын және бостандықтарын қорғауды қамтамасыз еткен жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы екендігі, ешкімге де дау тудырмасы анық жайт.

Тәуелсіздігін енді ғана алған Қазақстанда өткен алғашқы жалпыхалықтық сайлауда мемлекетіміздің негізін қалаушы Нұрсұлтан Назарбаев Тұңғыш Президент болып сайланды. Сайлауға қатысқан дауыс беруге құқығы бар ел азаматтарының 98,78 пайызы жақтап дауыс беріп, Мемлекет басшысы ретіндегі сенімін Елбасыға жүктеді. Мемлекет басшысының еліміздегі кең ауқымды экономикалық, саяси және әлеуметтік реформаларды жүзеге асырудағы ерен еңбегі, Қазақ елінің әлемге танымал мемлекет болып танылуына сіңірген ұшан-теңіз үлесі шексіз.

Осыған орай 30 қараша күні Тұңғыш Президент күніне орай Академияның белсенді студенттері Алматы қаласының Орталық мұражайының Елбасыға арналған залында болып қайтты. Жастар ісі жөніндегі бөлім мамандары мен 30-ға жуық белсенді студенттер қатысты. Мұражайдағы әрбір сурет, тарих, көне заманнан қалған естеліктер, атақты тұлғалар пайдаланған құралдар осының барлығы студенттер үшін ізденіс жолындағы пайдалы ақпарат көзі болды.

Классикалық экспозициялық шешімдер мен заманауи технологиялардың синтезі арқылы мұнда Елбасының тұлға болып қалыптасқан дәуірі жаңғыртылды. Залда тұңғыш Президентіміздің балалық шағы, мектептегі жылдары, еңбек жолының басталуы мен саяси мансап кезеңдерін көруге болады. Одан бөлек, Конституция мен Қазақстан әскері, Алтын адам, теңгенің шығарылуы және Қазақстан халқы ассамблеясының құрылуы туралы арнайы витриналар жабдықталған.

Тұңғыш Президент күніне орай белсенді студенттерімізге ізденіс пен талпыныс жолында қолдау көрсеткен Қазақ спорт және Туризм академиясының басшылығына алғыс білдіреміз!



**Жастар ісі жөніндегі бөлім маманы
Кенжебаева М.**

ИНТЕРВЬЮ С ПРЕЗИДЕНТОМ АКАДЕМИИ СПОРТА И ТУРИЗМА

ЗАКИРЬЯНОВЫМ КАЙРАТОМ
КАЙРУЛЛИНОВЫМ
О СОБЫТИЯХ 16 ДЕКАБРЯ
1986 ГОДА

Кайрат Кайруллинович, расскажите о событиях 1986 года, с чего все началось и где Вы находились в этот день?

Вечером этого дня я отмечал свой день рождения в городе Усть-Каменогорске. Это было в общежитии №6, где я жил со своей семьей, будучи проректором Усть-Каменогорского педагогического института (ныне Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова). И вот, сидя за дастарханом, мы узнаем из телевизора, что в Алма-Ате случились беспорядки, что молодежь вышла на несанкционированный митинг и имеются 2-3 жертвы. На следующий день мы узнали, что не только студенты Алма-Аты вышли на площадь, но и молодежь многих городов Казахстана выразила свое недовольство относительно Московских властей. Придя к власти, Михаил Горбачёв стал подбирать команду своих единомышленников и решил заменить главу Казахстана Динмухамеда Ахмедовича Кунаева Колбиным Геннадием Васильевичем, предложив Кунаеву квартиру и дачу в Москве. Однако Д. Кунаев отказался, ответив: «Мне в моем Казахстане бояться некого и нечего, не нужна мне Москва, я остаюсь здесь, на своей Родине».

Что же произошло у Вас, в Вашем вузе?

В Усть-Каменогорске началось бурное расследование, как стало известно, 17 студентов нашего института тоже вышли на площадь и протестовали. Их сразу же исключили из комсомола и предложили отчислить из института. В то время ректором нашего вуза был Мамбетказиев Ережеп Бакирьевич, он принял решение оставить студентов, хотя по всему Казахстану за подобные действия студентов отчисляли. Начались возмущенные звонки с министер-

ства. Однако Ережеп Бакирьевич сказал Первому секретарю Обкомпартии Милькину: «Вы же сами сказали, что Горбачев в Москве гласность проповедует, перестройку, демократию. А студенты вышли на площадь, выразили свое мнение, это же демократия, почему мы должны их наказывать». Испугавшись Москвы, партийные лидеры не стали нажимать и наши 17 студентов остались. Мы проводили со студентами разъяснительную работу, однако они были полны возмущения – неужели не воспитали своего лидера, пусть главой страны будет даже и русский, но рожденный в Казахстане.

Как же повела себя новая власть?

Подобные события в Советском Союзе произошли и в Баку, и в Тбилиси. Чтобы разогнать эти митинги, вводили танки, к примеру, в Алма-Ате вызывали спецназ Свердловского. Моя аспирантка на мехмате Жанабаева потом мне рассказывала, что в составе студентов КазГУ пошла на площадь, и все, что происходило, было настолько ужасно: «Всю толпу поливали водой. Стояли морозы -20°. Нас посадили в какой-то автобус, вывезли в сторону Каскелена и отпустили. И мы по такому морозу мокрые с трудом добрались до своего общежития». Решением Политбюро ЦК КПСС наш народ заклеямили Казахским национализмом. Тогда на съезде народных депутатов выступил наш

депутат, поэт Мухтар Шаханов, предложив формулировку убрать: «Мы не националисты, мы казахи, в тот момент была другая причина».

Кайрат Кайруллинович, что Вы пожелаете нынешней молодежи?

Сегодня мы Независимое Государство, дружим с Россией, Америкой, Европой, Китаем и другими странами. Однако до сих пор многие посягают на нашу Независимость. К примеру, в нашем парламенте спросили посла Китая: «Почему вы до сих пор на своих на картах Китая рисуете территорию Алматинской области, озеро Балхаш». Президент России В.В. Путин сделал как-то заявление, что при создании Советского Союза в Казахскую Республику вошли многие российские земли. В.В. Жириновский говорит, что в 1917 году, после революции, казахам выделили землю. Наша страна занимает 9 место по площади. И это многим нашим соседям не дает покоя.

Я очень горжусь нашими студентами, ведь они наше будущее. Именно они в 1986 году вспомнили, что являются потомками великих nomadов, правителей великих Тюркских каганатов. Мы уже 30 лет развиваемся как Независимое Государство, мы должны отстаивать свою землю, территорию, передать детям, внукам, потомкам. Поздравляю всех студентов с этой замечательной датой, с Днем Независимости, мы должны жить достойной жизнью и гордиться нашими предками. С праздником!



ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ – АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ АҢСАҒАН ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

*(ҚазСТА-ның Бірінші проректоры,
басқару аппаратының жетекшісі
Есқалиев Мұхтар Зайнолдаұлымен сұхбат)*



– 1986 жылы желтоқсан айында Сіз қайда болдыңыз және көтеріліс жайында қайдан естідіңіз?

– 1986 жылы сол кездегі Семей облысы, Шұбартау ауданы, Айғыз орта мектебін аяқтап, 1986 жылы мен өзім Семейдің мемлекеттік медициналық институтының педиатрия факультетіне болашақ бала дәрігері мамандығы бойынша оқуға түскен болатынмын.

17-сі күнгі алғашқы желтоқсан оқиғасы болған күні Алматы қаласының жастары көтерілгені жайында, сол күні сабақтан келгеннен кейін естідім. Ол кезде қазіргідей баспасөз құралдарының аса қатты дамымаған кезі, әлеуметтік желілердің жоқ кезі болатын. Сол күні кешкі сағат 5-тер шамасында жалпы жатақханаларда жиналыс болды, онда біздің факультетіміздің басшылығы және ішкі істер қызметінің өкілдері болды. Қауіпсіздік қызметінің өкілдері болып жатқан жағдайды түсіндірді. Ол кісілердің айтуына қарағанда, Алматы қаласында 17-сі күні Киров зауытының жастары, жұмысшылары – маскүнемдер, ішіп алған, есірткі шеккен бұзақылар Алматының орталық алаңына шығып, үкіметке қарсы тәртіпсіздік шараларын өткізген, міне бізге осындай ақпарат жеткізілді, сондай түсіндірме жұмыстар болды. Ол кезде коммунистік партияның басқаруында КСРО құрамында болдық қой. Әрқайсымыз өз бөлмемізде болдық. Мені сол күні, 3-курста оқыды-ау деймін Ольга деген қыз болды, қазір есімде жоқ бәлкім 4-курс па екен, сол қыз кешкісін шақыртты. Ол қыздың әкесі қазақ, шешесі кәріс болатын, ал мен сол кезде жатақхананың редколлегия мүшесімін, жазу жазамын, қабырғаға ілінетін газеттерге сурет салатынбыз, сондай қабілетімді біледі сол бойынша араласып жүретінбіз. Барсақ, ылғи жоғарғы курстың студенттері жиналған екен сол жерде. Олардың мені шақырғандағы себептері арнайы ұрандар жазып, ертең Семей қаласындағы орталық облыстық комитетінің алаңы бар, қазіргі әкімшілік дейміз ғой, сол алаңқайға таңертен шығамыз деп жастар жігерленіп отыр екен.

Сол жерде мен Алматыда болған жағдайдың шындығын естідім, яғни қазақ жастарының көтерілген себебі Қазақстан Совет Социалистік Республика одағы

коммунистік партиясының бірінші хатшысы болып Колбиннің сайланғаны. Д.Қонаевтің орнына орыс ұлтының өкілін басшылыққа қойғаны үшін жастар наразылық білдірген.

Ертеңінде таңға жақын көпшілігіміз жаймаларымызды арқан етіп пайдаланып, балконнан жасырын түсіп, ұрандарымызды алып, сол айтылған алаңға барсақ, жиналған халықтың қарасы біраз екен. Есімде анық қалғаны, сол кездегі облыстық коммунистік партия өкілдері, сол кездегі басшылықтағылар трибунаға шығып, көпшілікке «Тараңдар!» – деп айғайлағаны, ол кезде милиция дейді, милиция өкілдері жиналғандарды қоршап, таратуға тырысты, сол жерде біраз дүрбелең болды, жастар жан-жаққа қуылды. Еліміздің әр өңірінде наразылық шерулері болып жатқанын естіп жаттық.

Қазақ жастарының сол кездегі басқан кешкендері туралы не айтар едіңіз?

– Менің айтқым келіп отырғаны, сол кезде шынымен де Кеңес үкіметінің одақтас Республикадағы ұлттарға деген көзқарасы басқаша болатын. Соның шет-жағасын біз де сезіндік сол кезде. Сол оқиғадан кейін 20-22 желтоқсанда 1 курстың 1-ші семестрін аяқтайтын кез. Ол кезде біз ауылдың мектебін бітіргенбіз, орыс тіліне шындықты айту керек шорқақпыз. Тек пән деңгейінде, тұрмыстық қатынаста сөйлеуді ғана білеміз.

Семей институтында Қазақстанның барлық өңірлеріндегі институттарда, мамандар даярлау тек орыс тілінде жүргізілетін. Енді филология бағыты бойынша, әрине қазақ тілінде бөлімдер болды, басқа институттардың барлығында тек орыс тілінде ғана сабақтар берілген болатын. Есімде қалғаны, бірінші семестр аяқталар кезде «КПСС тарихынан» емтихан болуы керек болатын, сол емтиханға келіп тапсырдық. Қалған арнайы пәндерді, қазақ тобы болғаннан кейін жанталасып жаттап, айтып беріп, соның нәтижесінде жақсы бағаға тапсырдық. Барлық сабағымды 4 пен 5-ке тапсырдым. «КПСС тарихы» сабағынан педагогика ғылымдарының докторы, профессор, кафедра меңгерушісі Королева деген кісі беретін. Орысша оқимыз сол сабақты.

Емтиханға келіп отырмыз, билет алдым, шама-шарқым келгенше жауап бердім, бірақ қосымша сұрақ қойылу керек болды. Қосымша қойған сұрақтың жауабын білемін, қазақша сайрап тұрмын енді, орысша айтайын десем тілім келмейді, айтып көріп едім болмады. Сосын мұғалімге айттым «Кешіріңіз, можно преподавателя казаха» дедім, айтқаным сол еді үлкен айғай-шу басталып кетті. Біздің арамыз-

да да ұлтшылдар бар екен деп, келіп басымнан түртіп-түртіп жіберді. Факультет деканының орынбасары Кемелбеков деген кісі есімде бар сол кезде, сол кісі, куратор тағы адамдар қаптап кетті. «Не болды? Не жағдай?» – деп деканның өзі келді, Седенов деген кісі болатын. Мен де қоймаймын «мен қазақша жауап берейінші, біліп тұрмын жауабын» – деп. «Бауырым-ау бұның не? Құрыдық қой, қойсаңшы» - десе де қоймаймын. Артынан жиналыс болып, ана кісілер менің мәселемді талқылайтын болды. Сол семестрді бір сабақтан «2» деген баға алып, қысқы демалысқа кеткен болатынбыз. Білген, көрген білімімізбен екінші семестрді де 4 пен 5-ке жаптым. Бір сабақтан «КПСС тарихынан» қайта тапсыруға шақырады, емтиханды да сол кездегі оқытушы алатынын біліп, мен де бармай жүрдім. Солай әскерге шақырту келіп, әскерге кетіп қалдым. Бір сабағым жабылмағаны үшін, мені Медицина институтынан оқудан шығарып жіберді. Солай дәрігер боламыз деген арманымыз үзілді, әрине өкінбеймін. Әскерден кейін қайта барып, жалғастыруға тырысып едім, қайта емтихандар тапсыру керек болды. Кеңес одағы кезінде оқуға қабылдау ережелері мүлдем басқаша болатын. Осындай оқиға басымыздан өтті.

– Алаңға шыққаныңызды оқытушылар сонда білмеді ме?

Жоқ білген жоқ, өйткені біз ұсталған жоқпыз ғой. Біз жазып апарған ұрандарымызды көтеріп қана үлгердік, содан кейін милиция өкілдері қуалап, таратуға тырысты. Енді жастығымыз да болар, жан-жаққа қаштық қой. Жатақханаға кіргізу, шығару мәселелерінде қатаң тексерісте болдық.

Жастарға айтарыңыз, құттықтау тілегіңіз болса?

Әріптестер, құрметті студенттер, құрметті біздің жастарымыз!

Сіздерді бүгінгі тәуелсіздігіміздің төл мерекесі күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге тек қана жақсылық тілейміз, жастар сіздер болып, біздер болып, біз Ел тәуелсіздігін қадірлеуіміз керек.

Қазақстан Республикасының азаматтары тәуелсіздік үшін, еркіндік үшін жауаптымыз. Тәуелсіздік жолында құрбан болған, жанын қиған боздақтарды, біз ешқашан ұмытпауымыз керек. Батырларымыздың ерліктерін өскелең ұрпаққа дәріптеуге міндеттіміз.

Тәуелсіздік күні құтты болсын! Сіздерге тек қана табыс тілеймін!

Жастар ісі жөніндегі бөлім мамандары

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ – ҰЛЫ АБАЙЫ»



Қазақ, орыс және шет тілдер кафедрасының ұйымдастыруымен Абайдың 175 жылдығын мерекелеу аясында, «Ұлы даланың –ұлы Абайы» атты қойылымды, әрі театрландырған іс-шара өткізілді.



Іс-шараны дайындауға және өткізуге «Кәсіби спорт және жекпе-жек, Туризм, Олимпиадалық спорт» факультетінің 1 және 3 курс орыс бөлімінің студенттері белсене әрі үлкен қызығушылықпен қатысты. Бұл іс-шараның мақсаты – студенттерді ұлы ақын және ойшыл Абайдың шығармашылығымен және өмірбаянымен таныстыру. Студенттерге ұлы Абай идеяларын насихаттай отырып, дана Абай шығармашылығын жүйелеу. Абай туралы қарапайым түсінік беріп қана қоймай, оны ата-бабалар мұрасы ретінде тануға, құрметтеуге, түсінуге үйрену. Кафедраның тәрбиелік қызметі аясында студенттердің зияткерлік, шығармашылық белсенділігі мен ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған,
Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, –

деп Абай атамсыздың өлеңімен жүргізуші Юля және Максим мерекені бастап кетті. Іс-шара барысында студенттер Абайдың өлеңдерін, нақыл сөздерін, Пушкин мен Лермонтовтың аудармаларын оқыды.

Абайдың туған күніне орай өткізілген шарада Академияның Таисия, Асылбек, Юля, Максим, Павел, Никита, Мақсат, Зулбухар, Аман, Абай, Жайық т.б. студенттері беделді Абайдың шығармашылығын еске түсіріп, қара сөздерінен де үзінділер оқып, театрланған қойылым қойылды.

Домбырамен күй тартылып, би биленіп, қазақ үйде ұлттық тағамнан да дәм татылды. Абай туралы викториналық сұрақтар қойылып, жеңімпаздарға «Абай қара сөздері» кітапшасы сыйға таратылды. Студенттер қазақтың ұлттық киімдерімен залдың әрін келтірді. Көпұлтты студенттеріміз Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін хормен орындап шықты.



Абай ауылынан көрініс




Абайдың анасы Ұлжан, әжесі Зере, бала Абай

Қазақ, орыс және шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы Ақылбаева Т.Ж.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ АБАЙ

Ағымдағы жылдың 6 қарашасында «Туризм» мамандығы студенттеріне магистр, аға оқытушы Ушкулакова Г.М «Рухани жаңғыру – ұлы даланың ұлы тұлғасы Абай» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Мақсаты – студенттерге ұлы тұлға Абайдың шығармашылығы мен мұрасын таныстыру. Аталған іс-


шараға студенттер белсене қатысып, Абай мұрасын, сонымен қатар, шығармашылығына арналған мәліметтермен бөлісті. Дөңгелек үстелге жалпы 1,2,3,4 курстың студенттері қатысты. Оларға Рухани жаңғыру бағдарламасын таныстыру арқылы ұлы даланың есімдерін ұмыттырмау біздің мақсатымыз.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ МАҚАЛАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Ағымдағы жылдың 30 қазанында «Туризм» мамандығы студенттеріне магистр, аға оқытушы Ушкулакова Г.М «Рухани жаңғыру – Ұлы даланың жеті қыры» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Мақсаты – студенттерге Ұлы даланың жеті қыры мақаласының жастар өміріндегі маңызын ашып көрсету. Аталған іс-шараға студенттер белсене

қатысып, мақаланың маңыздылығы мен мәні туралы өз пікірлерімен бөлісті. Дөңгелек үстелге жалпы 1,2,3,4 курстың студенттері қатысты. Оларға Рухани жаңғыру бағдарламасын таныстыру арқылы ұлы даланың жеті қырының маңызын түсіндіру біздің мақсатымыз. Сондықтан осындай іс-шараны көптеп ұйымдастыруымыз қажет.



**Туризм факультетінің магистр, аға оқытушы
Ушкулакова Г.М.**

Елегемендігін алған күннен бастап ұлттық идеологияның жетекшісіне айналған, өткен мен бүгіннің, тарих пен келешектің арасын байланыстырып тұрған қасиетті орын – музей. Музей ісі қазір әлемдік деңгейде қарқынды дамып, ғылым, білім, мәдениетке үлес қосып жүрген салалардың бірі. Мәдени туризмге жергілікті халықтардың мәдениетіне қатысты іс-шараларына қатысу, музейлерді, ескерткіштерді аралау да кіреді. «Мәдени туризм» салыстырмалы түрде жақында пайда болған термин. XX ғасырдың 70-ші жылдары «мұралық туризм» деген атпен көпшілікке танымал болып, әлемге кең тарай бастады.

Музей заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Ол ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді. Қазақ халқының болмыс-бітімін, асыл мұраларын, ұмыт болған тарихын қазіргі ұрпақтың жадында жаңғыртатын, санасына сіңіретін, сонымен қатар ел тарихын барша әлемге паш ететін, шет елден келген қонақтарды өзінің әсемдігі мен жүйелілігі арқылы таңғалдыратын механизмнің бірі – музей. Қазіргі кезеңде музейлер алдында болашақ үшін мәдени мұраны сақтау және тарихи мәнді

құндылықтарды көрсету, насихаттау мәселелері тұр. Мәдени құнды көне заттарды дәріптеу, жалпыадамзаттық мәнін ашу арқылы музейге келушілердің адамгершілік, рухани өсуіне әсер ету, ағарту мақсаттарын әрбір музей өз саласына сай музейлік орта жағдайында іске асыруда. Мысалы, Қазақстан музейлері көптеген мерекелерге, мерейтойларға орай ғылыми-тәжірибелік конференциялар, тақырыптық көрмелер, семинар, дөңгелек үстелдер мен экскурсиялар ұйымдастырады.

Осыған орай 2020 жылдың 17-ші қыркүйегінде Қазақ спорт және туризм академиясы, «Туризм және сервис» кафедрасының ұжымы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері Оразымбетова Бақыт Камалқызы мен туризм факультетінің деканы Имангулова Татьяна Васильевнаның ұйымдастыруымен – қазақтың музыкалық мәдениетінде өшпес із қалдырған дара тұлға Нұрғиса Тілендиевтің мемориалдық музейіне, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізінде экскурсия ұйымдастырылды.

Н.Тілендиевтің мемориалдық музейі орналасқан пәтер 1979 жылы аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д.А.Қонаевтың арнайы тапсырысымен салынып, Қазақстанның ғылымы мен мәдениетіне еңбек сіңірген қайраткерлерге табысталған. Бұл үйде ұлы композитор өзінің отбасымен 1979-1998 жылдар аралығында тұрып, соңғы табысты шығармашылық жылдарын өткізді. Нұрғиса Тілендиевпен осы жерде көршілес пәтерлерде КСРО Халық әртісі Бибігүл Төлегенова, Қазақстанның Еңбек Ері, ақын Олжас Сүлейменов, академик-ғалым Д.Сокольский (1979-1987), архитектор Ю.Ратушный (1978-1996) сияқты өнер және ғылым майталмандары тұрған.

XX ғасырдағы қазақ дәстүрлі музыкасының алтын тірегі – ұлы композитор, КСРО және Қазақстанның Халық әртісі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Халық қаһарманы» Нұрғиса Атабайұлы Тілендиевтің мемориалдық музейі. Нұрғиса Тілендиевтің үй-музейі 1980-жж. қазақ интеллигенциясының тұрмысын жақсы көрсетеді. Музейде 4 экспозициялық бөлме бар: кіре беріс және қонақ бөлмесі, жұмыс бөлмесі, ас бөлмесі және демалыс бөлмесі. Музейде Нұрғиса Тілендиевтің жеке өмірі мен шығармашылығы туралы баяндайтын музыкалық аспаптар, кітаптар, фотосуреттер, дирижерлік таяқшасы, концерттік киімдері, қолданылған сақталған тұрмыстық заттары жайлы музей қызметкерлері

экспрессивті әдіс тәсілмен бізге таныстырды.

Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев (1 сәуір, 1925, Алматы облысы, Іле ауданы, Шилікемер қазіргі Нұрғиса Тілендиев ауылы - 15 қазан, 1998 Алматы) – қазақтың әйгілі күйші композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы. Қазақ КСР халық әртісі (1975), КСРО халық. Топырақ бұйырған жері Жамбыл кесенесінің іргесі. Мәскеудің П.И.Чайковский атындағы консерваторисының дирижерлік факультетін (проф. Н.П.Аносовың класы бойынша) бітірді.

Атқарған қызметіне келетін болсақ: Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында (1953-1961) қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Академиялық халық аспаптар оркестрінде (1961-1964) бас дирижер, көркемдік жетекшілік қызмет атқарды; 1964-68 жылдары Абай атындағы опера және балет театрының директоры; 1968-81 жылдары «Қазақфильм» киностудиясы музыка редакциясының бас редакторы болып істеді; тікелей өзінің ұйымдастыруымен дүниеге келген «Отырар сазы» халық аспаптары оркестрінде (1981-1998) бас дирижер қызметін атқарды.

Нұрғиса Атабайұлы қазақтың музыкалық мәдениетіндегі сал серілік дәстүрдің соңғы тұяғы. Ол өнер туындату барысында уақыттың идеологиялық өктемдігіне, ассимиляцияшыл әсіре үрдісіне мүлде мойын ұсынбастан, өзінің тәңір дарытқан

төлтума қалпынан қылдай ауытқымай жүріп, шығармашылық даралығын сақтап қала алды. Бұл ретте, Нұрғиса жерден қуат алатын Антей сияқты, қазақтың музыкалық дәстүріне табанын нық тіреп тұрып, өзінің арман аңсарын еш жасқанбастан дыбысқа айналдыра білді. Ол өз заманының музыкалық танымын терең игерген кәсіпқой музыкант бола тұра суырыпсалмалық дәстүрді ұдайы шабыт тұғыры етіп отырды. Былайша айтқанда, көргенді күйттеп, естігенді жаттап отыратын оркестрлік қасаңдыққа Нұрғиса атамыз буырқанған шабыт еркіндігін дарыта білді. Бұл ретте, Нұрғиса сахараның ақ бас абыздары сияқты, өз үнін көп дауысқа тұншықтырмай, өз лебізін көп даңғазаға ілестірмей, қазақтың дәстүрлі музыкалық тіліндегі дарашыл қасиетін танытты. Нұрғисаның композитор, дирижер, орындаушы ретіндегі ойы көпке ортақ, тілі көпке түсінікті. Егер, салсерілер өнері адамның жан жүрегіне бағытталуымен дараланса, сол ұлы дәстүр Нұрғисаның да барша шығармашылық болмысында аста төк болып, шалқып шашылып жатты. Дәл осы тұрғыда Нұрғиса қазақтың дәстүрлі музыкасының әрін тайдырмастан, нәрін жоғалтпастан тек қана өзіне тән профессионализмді қалыптастыра алды.

Нұрғиса Тілендиев тұңғыш рет қазақтың төл музыкасын төл аспаптарымен оркестрлік үлгіде дыбыстау арқылы, әрі қалай дамытудың тамаша үлгісін көрсетті. Нұрғиса атамыз домбырашы – орындаушы ретінде қазақтың күйшілік мектептеріне тән төл ерекшеліктерді терең танып – түсінген; сол танып – түсінгенін дыбыстай алар әдіс-тәсілдерді қапысыз меңгерген. Ол Алтайдың тік күйлерін, Арқаның қоғыр күйлерін, Сыр бойының бойлауық күйлерін, Жетісудың жайсаң күйлерін, Атыраудың адуын күйлерін тартқанда, солардың қай - қайсысының да әрін тайдырмай, нәрін жоғалтпай, сәні мен салтанатын келістіріп тарта алған санаулы ғана саңлақтардың бірі. Егер Нұрғиса атамыз композитор да болмай, қоғам қайраткері де болмай, тек қана домбырашы – орындаушы болса, ол сонда да қазақтың мәдени – рухани шежіресіндегі көрнекті тұлға ретінде төрден орың алар еді.

Дарын Тілендіұлы Нұрғисаның бойындағы осындай Тәңір дарытқандай көп қырлы, алуан сырлы аста - төк дарынның сыр себебі кім - кімге де ден қойдыртса керек. Әрине, ондай сыр - себептің негізі қашанда туған топырақ туған өлке, шыққан тек, өсіп - өнген ортамен кіндіктес. Ол өнерпаздықтың ұлы дәстүрін талбойына сіңірген әкесі – Тілендінің бауырында өсті.

ЖЕТІСУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫҚАСЫНЫҢ АЛТЫН ТІРЕГІ – ТІЛЕНДИЕВ НҰРҒИСА АТАБАЙҰЛЫ МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙІНЕ ЭКСКУРСИЯ

Тәңірдің тіліндей күй сарындарын әке алдында отырып бала көкірегіне қонататты. Нұрғисаның анасы Салиха әйгілі Кенен ақынның қарындасы, ол кісі де төңірегін әншілігімен тәнті еткен. Сол кісінің сызылта салатын сұлу әндеріне бала Нұрғиса жан - жүрегін тербелтіп өсті. Мүшел жасқа толар-толмас кезінің өзінде - ақ ауылындағы қазақ пен қырғыздың, орыс пен татардың музыкалық аспаптарын тегіс қолынан өткізіп, алуан түрлі ән мен күйді құйқылжыта тартқанда ауыл-аймағы аузын ашып, көзін жұматын болды. Есейе келе Нұрғиса әншіліктің ақиығы Кененнен бата алып, жыр жампозы Жамбылдың сарқытын ішті. Мұның бәрі де Нұрғиса өнерпаздығының себепшісі, бастау бұлағы деуге әбден болады.

Алайда, үлкен өнердің сара жолына қадам бастыртқан, тағдырдың жазуындай орайлы сәтке Нұрғиса он төрт жасында кезікті. Кезігушісі – қазақ музыкасына пайғамбардай шапағаты тиген әйгілі Ахмет Жұбанов еді. Жеті қабат жер астынан жаңа ғана бұлқынып шығып, булыға ағып, енді ғана жүлге тарта бастаған кәусар бұлақтың тегеурінін жазбай танитын қарт болған сияқты, бала Нұрғисаның бойындағы бұл дарынды дана Ахмет те бірден таниды. Таниды да, Нұрғисаны қолынан жетектеп алып келіп, қазақ ұлт аспаптар оркестрінің домбырашылар тобына қосады. Бұл, жазмыш дегенді қойсайшы, оркестр құрамындағы еңшең дәулескер домбырашылардың ішінен домбырашылықтың дүлдүлі Қали Жантілеудің оң жағынан Нұрғисаға орын тиеді. Қалидың алдын көрген құйма құлақ Нұрғиса кешікпей - ақ, бұрын күйді қызығып тартса, енді

күйді құнығып тартатын болады, бұрын күйді еліріп тартса, енді күйді елігіп тартады. Міне, осының бәрі де Нұрғиса әлеміне тапжылмас тұғыр болды, осының бәрі де Нұрғиса атамыздың дарынының сарқылмас қайнар көзі еді.

Тілдендіұлы Нұрғиса өзінің барша қабілет – дарынын халқының рухын асқақтатуға арнады. Бұл жолда ол халқымен етене тіл табысып, халқының сырласы да, мұңдасы да бола алды. Оның музыкасы баланың да, дананың да жүрегіне жол тауып, дүйім жұрттың рухани жан серігіне айналды. Ол атақ – даңқ іздеген жоқ, атақ – даңқ оны іздеп тапты. Қазақстан композиторларының ішінде тұңғыш рет Халық қаһарманы атағын алды. Кез – келген кесек дарынның күмәнсіз орындалатыны сияқты, бұған дүйім жұрт қалтқысыз көңілмен қуана қол соқты. Нұрғиса атамыз біртуар дарын, қайталанбас тұлға ретінде көзінің тірісінде – ақ әйгілі замандастары бірауыздан мойындады. Олар Нұрғисаны мақтаған жоқ, халықтың мәдени – рухани өміріндегі құбылыс ретінде Нұрғисамен мақтанды. Еліміздің ағарту ісі мен қазақтың музыкалық мәдениетінің дамуына ерекше үлес қосқан біртуар азаматтарымыз баршылық. Олар өмірден озса да, елі үшін тындырған істері халық жадында. Осы орайда «жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» демекші, келешек ұрпаққа осындай тұлғалардың еңбегін таныстырып сүйіспеншілігін ояту - бұл бірінші кезекте ұстаздың міндетінде демекшімін.

Туризм және сервис кафедрасының магистр, аға оқытушы Кадырбекова Д.С.



Нұрғиса Тілендиевтің мемориалдық музей ішінде экскурсия барысы



ЕҢБЕК СІҢІРГЕН МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, ҚР ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ БАЙДОСОВ ҚАБДЕН РАХМАНҚҰЛҰЛЫН ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН XXIII КҮРЕС ФЕСТИВАЛІ

2020 жылдың 21 қараша күні Қ.Р. Байдосовты еске алуға арналған күрес түрлерінен фестиваль өтті. Бұл спорттық іс-шараға басқа оқу орындарының студенттері, Күрес және ҰСТ кафедрасының студенттері мен түлектері және күрес ардагерлері

қатысты. Фестивальге қатысқан спортшылар саны – 150. Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер және спорт ардагерлері медаль, грамота және кәдесыйлармен марапатталды.

Фестиваль күрестің төмендегідей бес түрінен өтті:



Дзюдо. ҚазСТА студенттері және ҚазСТА түлектері арасында командалық кездесу өттіп, ҚазСТА түлектері 3-есемімен жеңіске жетті.

Самбо күресі. 57 кг дейін балуандар қатысты. 1-орын 3 курс студенті Тоқтарбай Әліби, 2-орын 3 курс студенті Оспан Асатай, 3-орын Кеңесбай Әлішер жеңіп алды.

Қазақ күресі. 66 кг дейінгі балуандар күресті. 1-орын Жанәділ Жандос(ҚазСТА), 2-орын Біләл Әкежан (АГУ), 3-орын Сатылған Әбубәкір (ҚазСТА).

Грек-Рим күресі. Қазақтың спорт және туризм академиясының студенттері мен Республикалық спорт колледж студенттері командалық кездесу өткізді. Республикалық спорт колледж студенттері 4-2 есемімен жеңіске қол жеткізді.

Еркін күрес. 65 кг дейін балуандар күресті. 1-орын Майсуп Аманжол (РШИ), 2-орын Меркинбек Дамир (РШИ), 3-орын Қаби Динмухамет (РШИ), 3-орын Бакир Дамир (ҚазСТА).

Мұндай спорт майталмандарын еске алу кештерінің жастарын үшін берер тәлім әрқашан да мол.



Күрес кафедрасының меңгерушісі Сайлаубеков Ж.Н.

ҚР ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ, ПРОФЕССОР БЕКТІЛЕУ ҚАРАЖАНОВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИ



2020 жылдың желтоқсан айының 7-8 жұлдызында қазақ спортының қара шаңырағы Қазақ спорт және туризм академиясында Алматы қаласы ЖОО-ның оқытушылары мен қызметкерлері арасында ҚРЕСЖ, профессор Б.Қ. Қаражановты еске алуға арналған волейбол турнирі болып өтті.

Жарысқа Алматы қаласы ЖОО-ның оқытушылары мен қызметкерлерінен 8 команда қатысты, атап айтсақ:

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;
2. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
3. Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті;
4. Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы;
5. Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институты;
6. М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы;
7. Тұран университеті;
8. Қазақ спорт және туризм академиясы.

Турниріміздің негізгі мақсаты – Жоғарғы оқу орындарының коман-

далары арасында байланысты нығайтып, әріптестікті ұлғайту;

1. жоғарғы оқу орындарының оқытушылары арасында волейбол спортын кеңінен насихаттау;

2. оқытушылар құрамын салауатты өмір салтын ұстануға шақыру болатын.

Жарыстың бас төрешісі: Спорттық ойындар кафедрасының аға оқытушысы, волейболдан академия құрама командасының бас жаттықтырушысы *Шанкулов Ерлан Төлеубайұлы*.

Екі күнге созылған тартысқа толы жарысымыздың жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлары анықталды. Жеңімпаз және жүлдегер командалар медальдармен, дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Жүлдегерлерді айтар болсақ,

1-орынды Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті командасы иеленді.

2-орынды Қазақ спорт және туризм академиясы командасы жеңіп алды.

3-орынға М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы командасы қол жеткізді.

Номинациялар бойынша үздіктердің үздігі анықталды, атап айтсақ:

«**Үздік қорғаушы**» номинациясы бойынша – Алипбаев Диас, «**Үздік шабуылшы**» номинациясы бойынша – Шамахунов Мурадиль, «**Үздік доп үйлестіруші**» номинациясы бойынша – Исмаилов Эрик,

«**Үздік ойыншы**» номинациясы бойынша – Шалбарбаев Амра Мухатаевич марапатталды.

Осы турнирдің аясында, аталған жарысты ұйымдастырушы спорттық ойындар кафедрасының бірқатар оқытушылары Қазақ спорт және туризм академиясының дамуына қосқан зор үлесі үшін ҚазСТА-75 жылдық мерейтойлық медалін иеленді:

1. Иргебаев Мақсат Ислямұлы
2. Зауренбеков Бауыржан Зауренбекұлы
3. Шанкулов Ерлан Төлеубайұлы
4. Ахметкарим Март
5. Молдахан Кенжал
6. Абеков Руслан.

Жеңімпаздарды біз де құттықтап, толағай табыстар тілейміз!

Спорттық ойындар кафедрасының аға оқытушысы, Шанкулов Е.Т.

Жалындап өткен Жұбан аға

Қазақ, орыс және шет тілдер кафедрасының рухани танымдық онлайн дөңгелек үстелі

**Өлеңге ерте келіп, кеш ер жеттім.
Ойлағам шалалықты кешер деп кім?
Қағазға қалдыруға асығыппын
Көңілдің қуанышын, кесел дертін».**

Ж. Молдағалиев.



10 желтоқсан 2020 жылы қазақ, орыс және шет тілдер кафедрасының ұйымдастыруымен, кәсіби спорт және жекпе-жек факультетінің 20-9 топ, Олимпиадалық спорт факультетінің 20-11, 20-12 топ орыс аудиториялы студенттері ақын Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдығына арналған «**Жалындап өткен Жұбан аға**» атты рухани танымдық онлайн дөңгелек үстелін өткізді.



**Қазақ, орыс және шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы
Ақылбаева Толқын Жанатовна**

Ж. Молдағалиев өлеңдерін сүйіп оқитын қонақ ретінде шақырылған Алматы облысы, Ақсу ауданы әкімдігінің «Қапал ауылдық округі әкімінің» аппараты мемлекеттік мекеменің бас маманы, бірнеше марапат иегері, «Мейірім» төсбелгісінің иегері, «Қазақстан халқы ассамблеясының» медаль иегері, 2020 жыл ҚР Жастарының «Алтын кітабына» енгізілген, қол күресі спортының бірнеше дүркін жеңімпазы Владимир Сергеевич Чепель мырза қатысты. ҚазСТА бірінші проректоры, Басқару аппаратының жетекшісі М.З.Есқалиев, кафедра меңгерушісі, аға оқытушы А.Б.Оспанова және оқытушылар қатысты. Ұлтын жырлаған ұлы ақын Ж.Молдағалиевтің отты жырлары біздің жастарымызға патриоттық үлкен рух сыйлайды. Ж.Молдағалиев шығармалары оқырмандарды Отан сүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелейді. Ақын поэзиясы сонымен биік. 1920-1988 жылдар аралығында өмір сүрген Ж.Молдағалиев қазақтың көрнекті ақыны, 2-дүниежүзілік соғыста қан кешіп жүріп, Отан қорғаған жауынгер.


Сондай-ақ, ол 1979-1983 жылдары Қазақстан Жазушылар одағын басқарды. Ақынның тұңғыш жыр жинағы 1949 жылы «Жеңіс жырлары» деген атпен шыққан. Содан кейін 60 тан астам шығармалары жарық көрді. Атап айтқанда,

«Нұрлы жол», «Ақ жалын», «Айттым сәлем», «Ғашық көзбен» т.б. жинақтар авторы. Оның поэзиясы орыс, ағылшын, неміс, поляк, венгр, монғол тілдеріне аударылды. Жұбан поэзиясының тарихи маңызы да бар. Ақынның балалық шағы мен өмірбаяны жайлы, алғашқы өлеңдері туралы соғыстан кейінгі өмірі жайлы Кирова Талия, Талғат Даяна, Лаура Букпабаева, «Мен қазақпын» өлеңінен үзінділерді, көркем шығармаларынан Саметова Айгерим Рахымжановна Сыдық Анель Рысбекқызы, Үмбетқазиев Бексұлтан Жақсыбайұлы, Сластихина Карина Дмитриевна, Куракова Александра Андреевна, Жұмахан Бекзат Рамбекұлы т.б студенттер ақынның ел басына аса қауіпті күндер туғанда ержетіп, соғыстың ыстығы мен суығына көніп, оны өз басынан кешіріп өскен, ерте есейген саналылық жайынан хабар береді. Ақын басқаша айта алмайды, басқаша сөйлей алмайды. Оның поэзиялық тілі соғыс тілімен, қатал күндердің қатал үнімен шыққан, жүрек пен ойды билеп алған отаншылдық сезімге суарылған. Сонымен қатар, дөңгелек үстел қонағы **қонағы Владимир Сергеевич Чепель** Жұбан атамиздың жауһар жырлары, қаламынан туған шығармаларын жатқа оқып, пікір алмасып, өзара ой бөлісіп, жастар тарапынан қойған сауалдарға жауап берді.

Студенттерді Жұбан өлеңдерін оқуға, қазақ тілін толық, еркін меңгергендігі жайлы, «Мен



Владимир Сергеевич Чепель



«Жалындап өткен Жұбан аға» атты рухани танымдық онлайн дөңгелек үстелге қатысқан студенттер

қазақпын», өлеңін қайта-қайта айта бергісі келетіндігі, оның патриоттық, тәрбиелік мәні бар екендігін айтып өтті. Мемлекеттік тілімізді құрметтеуге, қазақ тілінде сөйлеу, Қазақстан

азаматының парызы екендігін жастарға айтты. Ж.Молдағалиев жайлы слайдтар, видеофильмдер көрсетілді. Студенттер өте қызығушылықпен белсенді қатысты.

Қазақ Спорт және туризм академиясы мен «СПОРТ ЖҰЛДЫЗДАРЫ» республикалық журналының ұйымдастыруымен «ЖЫЛ ҮЗДІГІ-2020» жеңімпаздарын марапаттау рәсімі мен «ҰЛТ БАТЫРЛАРЫ» кітабының тұсаукесері



19 желтоқсан күні Алматы қаласында Қазақ Спорт және туризм академиясы мен «Спорт жұлдыздары» республикалық журналының ұйымдастыруымен «Жыл үздігі-2020» жеңімпаздарын марапаттау рәсімі мен «Ұлт батырлары» кітабының тұсаукесері болып өтті. Осымен төртінші жыл қатарынан өтіп отырған іс-шара әлемді жайлаған пандемия кезінде ұйымдастырылғандықтан барлық санитарлық нормаларды қатаң сақтай отырып өткізілді.

Былтыр дәл осы жерде өткен іс-шарада қазақ спортшылары туралы жазылған «Ұлы дала батырлары» кітабының тұсауын қазақтың мақтаныштары Жақсылық Үшкемпіров пен Әмин Тұяқов және Ермахан Ибраимовтар кескен болатын. Өкінішке орай бүгін арамызда Жақсылық ағамыз жоқ. Сұм ажал біртуар азаматты ортамыздан алып кетті. Осыған орай іс-шара қазақ спортының символы атанған саңлақты бір минут еске алумен басталды.

Осыдан кейін ҚазСТА-ның бірінші проректоры Мұхтар Есқалиев өзінің құттықтау сөзімен кешті ашып іс-шара әрі қарай есімі елге белгілі қаламгер Пернебай Дүйсенбин мен «Спорт жұлдыздары» журналының бас редакторы Мусағали Тасқалиевтер бірігіп жазған «Ұлт батырлары» кітабының тұсаукесеріне жалғасты.

Қазақ Спорт және Туризм академиясы атынан кештің құрметті қонақтары мен академияның бір топ

оқытушыларына ҚазСТА-ның дамуына қосқан елеулі еңбегі үшін академияға 75 жылдық мерейтойына арналған төсбелгімен марапатталды. Атап айтар болсақ:

1. Ракишев Төлеуғазы Камзанұлы
2. Жүнісбек Динара
3. Құтпанбаева Шырын Нұртайқызы
4. Саутов Рахмет Тюлимбайұлы
5. Дошыбеков Айдын Бағдатұлы
6. Кисебаев Жанибек Сағатович
7. Искаков Тайыржан Бактыбайұлы
8. Карменов Қайрат Маутханұлы
9. Бұхарбеков Бауыржан Бақытұлы

Сонымен қатар, қазақ эстрадасының жарық жұлдыздарының бірі Өктем Алтаев «Қазағым» әнін орындап берді.

Осыдан кейін құрметті қонақтардың қатысуымен пандемия кезі болса да қазақ спортының дамуына үлестерін



қосқан ел ағалары мен спорт саласының басшылары, спорт жанашырлары және спортшылар мен бапкерлер, дене шынықтыру пәні мұғалімдерін марапаттау рәсімі болды.

Биыл жаз айында жаман індеттің өршіп тұрған кезінде көптеген спортшылар ел үшін аянбай еңбек етіп, халықтың мойнына түскен ауыртпалықтың сәлде болса жеңілдеуіне өз үлестерін қосқан еді. Осындай азаматтардың да бір тобын ұйымдастырушылар марапатқа лайықты деп тапты. Сонымен қатар Қазақ күресін дамытуға және бауырлас қазақ пен қырғыз халқы арасындағы достықты нығайтуға қосқан зор үлесі үшін де бапкерлеріміз марапатталды. Атақты спортшылардың барлығы спорт әліппесін мектеп қабырғасынан бастайтыны белгілі. Олардың спорттағы жолына ең бірінші бағыт беретін ол әрине дене шынықтыру пәні мұғалімдері екені даусыз. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және салауатты өмір салтын насихаттауда үлкен жетістіктерге жетіп жүрген бір топ ұстаздарымыздың да еңбегі ақталды. «Ұлт батырлары» кітабының тұсаукесері мен

жыл үздіктерін марапаттау салтанатына жазушы Пернебай Дүйсенбин ағамыздың шәкірттері «Шалқар» радиосының директоры Болатбек Төлепберген қатысып, өзінің жүрекжарды тілегін жеткізсе, қазақ дәстүрлі ән өнерінің майталманы Ардақ Истаева әсем әннен шашу шашып, ұстаздарына ерекше құрмет көрсетті. Еліміздегі карантндік жағдайға байланысты марапатқа ие болған үздіктердің біразы кешке қатыса алмағанмен, ол кісілердің жүлделері өздеріне жеткізілетін болады.

Кеш соңында қазақ эстрадасының тағы бір жарқын өкілі Есет Сәдуақасов (Мұсағали Тасқалиевтің сөзіне жазылған Оразалы Мақсұтовтың) «Ағайынға тілек» әнінің тұсауын кесіп, тамылжыта орындап берді. Осы әнде айтылғандай қуанышты күндерде бірге болып, таңдарымыз арайланып ата берсін, ағайын! Тезірек жаман індеттен құтылып, бұрынғы жайма-шуақ күндерімізге қайтып оралайық! Қазақ спорты жасасын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Жастар ісі жөніндегі бөлім маманы
Кенжебаева М.С.**



«САМЫЙ ЛУЧШИЙ СТАРОСТА-2020»



Впервые в Казахской академии спорта и туризма проводился онлайн-конкурс среди старост групп «Самый лучший староста-2020».

Цель онлайн-конкурса – способствовать популяризации среди групп единства, сотрудничества, становлению студентов как личности, подготовке

настоящих лидеров, вносящих вклад в развитие академии. Старосты групп должны были за 3-5мин представить себя и свою группу в интересном видеоролике, исполнив песню или танец, используя остроту ума, ораторское искусство, показать сплоченность и находчивость группы.



Результаты конкурса «Самый лучший староста-2020»



- «Самый креативный староста» – Юрченко Анастасия FOS-20-12
- «Лучший творческий подход» – Қанатқызы Марал FPSIE-20-5
- «Самый красноречивый староста» – Бақтыбай Әмина FOS-20-6
- «Самый дружелюбный староста» – Иванова Ангелина FPSIE-20-9
- «Лучший староста-организатор» – Салимов Константин TOUR-20-2
- «Самый находчивый староста» – Сагнаев Мирас FPSIE-18-3
- «Краткость – сестра таланта» – Кристина Валерия FPSIE-18-8
- «Самый активный староста» – Базарбай Нурила FOS-18-4
- «Староста-профессионал» – Ибраимова Айдана TOUR-17-1

ЕРТУҒАННЫҢ ЕҢБЕГІ ЕШ КЕТКЕН ЖОҚ

Жуырдағана Шымкентте аяқталған Қазақстан чемпионатында ерекше көзге түскен боксшылардың бірі – Ертуған Зейнулинов. 63 кило салмақ дәрежесінде сынға түскен 23 жастағы жалынды жас барлық қарсыласынан басым түсіп, бас жүлдені олжалады. Осы жарыстың куәсі болған білікті бапкерлерден бастап, көгілдір экранға көз тіккен көрермендердің барлығы да айтулы былғары қолғап шеберінің өнерін жоғары бағалады.

Ертуған өзінің туып-өскен жері – Алматы облысы Қаратал ауданының Үштөбе қаласында бокстың қыр-сырына қанықты. Жер жаннаты – Жетісуда Алмас Жыңғылбаевтың қол астында жаттығып, тырнақалды табыстарына қол жеткізді. Сол кездегі оның ең ірі жетістігі – Бангкокта өткен жастардың Азия біріншілігінің қола жүлдесі. Өз құрдастары арасында Зейнулинов басқа да додаларда дараланды. Есейе келе Алматыдағы Қазақтың Спорт және туризм академиясына оқуға түсіп, ол жерде Қайрат Кәрменовтен тәлім-тәрбие алды.

Айтулы боксшының алғаш рет жарық етіп көзге түскен тұсы – 2016 жылы Тәжікстанның бас шаһары – Душанбеде ұйымдастырылған студенттер арасындағы Азия біріншілігі. Сөз орайы келгенде, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы Дастан Сәдуақасовтың команда жасақтауда қырағылығын ерекше атап өткен жөн. Жас болса да, бас болған айтулы маман есімі көпшілікке беймәлім боксшыны ел құрамасына қосты. Памир тауының етегінде Зейнулинов сенімді ақтап, күміс медальді олжалады. Арада екі-үш ай өткеннен соң Таиландтың Чианг-Май қаласында студенттердің әлем чемпионатының жалауы желбіреді. Бұл жарыста Ертуған қола жүлдені қоржынға салды.

Жоғарыдағы жағдай жас жігітті қанаттандырды. Шымкентте ұйымдастырылған ел чемпионатында ол өзін жақсы қырынан көрсетті. Бастапқы бәсекелерде қарсыластарын еш қиналмай ұтқан Ертуған жартылай финалда Азия біріншілігінің күміс жүлдегері Зәкір Сафиуллинге есе жіберді. Бұл жеңіліске бола 20 жастағы жігітті ешкім сөкпеді. Өйткені, қарсыласы там азулы еді. 31 жастағы Зәкірдің 60 кило салмақта еліміздің бірінші нөмірлі боксшысы екенін жұрт жақсы біледі. Керісінше, оның сақа спортшыға лайықты қарсылық көрсеткеніне күш-жігері жеткеніне бапкерлері де, басқалар да риза болды. Шымкент сапарынан қола медальмен оралған Зейнулинов ұлттық құрама сапына қабылданды.



– Республикамыздың барлық өңірінен жиналған былғары қолғап шеберлері бас қосқан жарыста үздіктер санатына қосылғаннан кейін жолым оңғарылатын шығар деп ойлады. Бірақ, аяқ астынан қырсық шалды. Абайсызда аяғымды сындырып алып, бір жылға жуық уақыт емделдім. Жаттығу мен жарыстар жайына қалды. Бірақ мен күдерімді үзбедім. Жазылғаннан соң барымды салып даярландым. Ерең еңбектің еш кетпейтініне сендім. Осы орайда өзімнің жеке бапкерлерім – Алмас Жыңғылбаев пен Қайрат Кәрменовке, Қазақтың Спорт және туризм академиясында президенті Қайрат Закирьянов және осы білім ордасында еңбек етіп жүрген жаттықтырушылар – Эдуард Габдулов, Бекен Бекмұхамедов, Жеткерген Малшиев, Бақыт Сәрсекбаев, Дастан Сәдуақасовқа өз ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ, жеке кәсіпкерлер Төлеген Мақашев пен Серік Айдарбековке де алғысым шексіз. Осы ағаларымның қолдауының арқасында ештеңеге алаңдамай, көздеген мақсатыма қол жеткізуге мүмкіндік туындады, – дейді Ертуған Зейнулинов.

2019 жылы жарақатынан толықтай айыққан Ертуған халықаралық турнирлерде қайта атой салды. Алматыдағы Сағадат Нұрмағамбетов, Атыраудағы Исатай мен Махамбет және Ақтаудағы Шоқыр Бөлтекұлын еске түсіруге арналған жарыстарда жүлдегерлер санатына қосылды. Жыл сайын Алатау баурайында үздіксіз ұйымдастырылып тұратын Қайрат Рысқұлбековтың турнирінде алтын тұғырға көтерілді. Шымкенттегі Қаракөз Әбдәлиевтің дәстүрлі додасында да қарсылас шақ келтірмеді. Сол бәсекелерде небір мықтылармен күш сынасқан Зейнулиновтың

шеберлігі әбден шыңдалып, өзіне деген сенімі арта түсті.

Жуырда Шымкентте өткен ел чемпионатында Ертуған Зейнулинов

63 кило салмақта өнер көрсетті. Бастапқы бәсекелерде тараздық Әлімжан Бескемпір мен нұрсұлтандық Темірхан Тезекті тізе бүктірсе, ширек финалда маңғыстаулық Ділшат Нұрымды еңсерді. Бір өкіншісі, осы жекпе-жекте Алматы облысы өкілінің саусағы сынып кетті. Енді алда екі жол бар. Жарысты ары қарай жалғастырып, чемпиондық тұғырға көтерілу үшін айқасқа шығу немесе қола медальді қанағат ұтып, қайта емдом қабылдау. Жағдайды бапкеріне айтап көрген еді, Қайрат Кәрменов «Қолың түсіп қалса да, жұдырықтасасың» деп әңгімені шорт кесті. Боксшы басын изеп, келіскендей сыңай танытты. Келесі күні Зейнулиновты жартылай финалдық сайыс күтіп тұрды.

– Біздің одан басқа амалымыз жоқ еді, – деп бапкері Қайрат Кәрменов әңгімені ары қарай жалғастырды. – Себебі, Ертуған 2018 жылы аяғын сындырып алғаннан кейін ұлттық құрамадан шығып қалды. Жаттығу процессін ары қарай жалғастырып, жарыстарға шығу үшін өзіміз қаржы іздеп әлек болдық. Тіптен, күллі әлемді дүрліктірген пандемия кезінде де бос жатпадық. Індет басталмай тұрып, Алматы облысы Ақсу ауданының Тарас ауылына аттандық. Сол жерде Төлеген Мақашев есімді диқаншы-кәсіпкер біздің алаңсыз жаттығуымыз үшін қолайлы жағдай жасады. Тіптен, ел чемпионатына барып-қайту үшін қажетті қаражатты да сол кісі өз қалтасынан берді. Сөйтіп, екі айға жуық уақыт бойы жақсылап тұрып жаттығып, Шымкентке нағыз бабымызда аттандық.

Жартылай финалда Зейнулиновтың жолы Ділмұрат Мижитовпен қиысты. Алматы қаласының өкілі соңғы жылдары ел біріншілігінде үнемі жүлдегерлер қатарынан көрінуде. Екі маусым бойы ол Дүниежүзілік бокс сериясы додасында «Астана арландары» сапында өнер көрсетті. Міне, осы сақа спортшыға қарсы сынық қолымен жұдырықтасқан қандасымыз тактикалық тұрғыдан өте сауатты қимылдап, күмәнсіз жеңіске жетті.

Финалда Ертуған Зәкір Сафиуллинмен күш сынасқысы келді. Себебі, осыдан үш жыл бұрын дәл осы боксшыдан ол ел чемпионатының жартылай финалында ұтылған болатын. Содан бері талай дүрмекті көрген жас жігіттің шеберлігі әбден шыңдалды. Енді өзінің мықтылығын мойындату үшін Олимпиада лицензиясына иелік еткен саңлақты жеңу қажет еді. Бірақ бастапқы бәсекелерінің бірінде жарақат алған Зәкір жарысты жалғастырудан бас тартты. Енді ақтық сында оны Болат Ерсұлтан күтіп тұрды. Алайда көрермендер дарынды жастардың айқасын көре алмады. Жартылай финалда жарақаттанған Ақмола облы-

сының өкілі шаршы алаңға шықпады.

Осылайша, Зейнулинов өзі көптен бері армандап жүрген Қазақстан чемпионы деген атаққа қол жеткізді.

Келесі жылы Токио Олимпиадасының алауы тұтанады. Оған Ертуғанның бара алмайтыны анық. Өйткені, ғаламдық доданың лицензиясы 34 жастағы ардагер боксшы Зәкір Сафиуллиннің уысында. Десек те, алда әлем мен құрлық чемпионаттары және Азия ойындары секілді көптеген байрақты бәсекелер бар. Міне, Алмас Жыңғылбаев пен Қайрат Кәрменовтің шәкірті осы жарыстарда жасындай жарқырайды деп үміттенеміз.

**ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы,
бокс ауыр атлетика кафедрасының
аға оқытушысы Карменов Қ.**



ҚАЗСТА СТУДЕНТІ ҚР ДЖИУ-ДЖИТСУ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Мен Елдосқызы Ботакос 2001 жылы 27 Ақпан айында Алматы облысында дүниеге келдім. Жастайымнан спортқа қызыққан болатынмын. 13 жасымда спортпен айналысамын деген шешімге келіп Джиу-джитсу күрес түріне келдім. Әр күн сайын жаттыққандықтан қызығушылығым арта түсті.

2014 жылы ҚР чемпионатында 1 орын алдым. Бұл менің алғашқы жарысым болған еді. Сол күні ата-анам қатты қуанған болатын, бұл мен үшін алдағы жарыстарға үлкен мотивация болды. Осылайша мектеп қабырғасынан бастап спортпен айналысуды бастадым.

2015-2016 жылы ҚР чемпионатының жеңімпазы болдым.

2017 жылы Греция елінде өнер көрсетіп, Әлем Чемпионатының қола жүлдегері атандым.

2018 жылы Талдықорған қаласының Шоқан Уәлиханов атындағы орта – мектеп гимназиясын жақсы бітіріп, Алматы қаласының Қазақ спорт және туризм академиясына оқуға түстім. Академия қабырғасында жүріп өз спорт салам бойынша жүлдегер атанып келемін. Осы жылы Астана қаласында өткен Әлем Чемпионатының күміс жүлдегері атандым.

2019 жылы Қырғыстан еліндегі Халықаралық жарыста және Азербайджан мемлекетінің астанасы Баку қаласында өткен Әлем Чемпионатында өнер көрсетіп, 1-орын иелендім.

2020 жылы елімізде болып жатқан жағдайларға байланысты ҚР чемпионаты ғана өткізілді. Бұл жарыс Қостанай қаласында өтіп 1 орын иегері болдым. Қазір Қазақ спорт және туризм академиясының 3 курс 18/4 тобының студенті боламын.

2021 жылы болатын Азияда өтетін Чемпионатқа жолдама ұтып алдым. Қазіргі таңда осы Азия жарысына дайындалудамын.

Осы орайда маған көп мүмкіндік сыйлаған Академияға және оқытушыларым мен бапкерлеріме алғысымды білдіремін.

**КСЖЖЖФ 3-курс 18-4 тобының студенті
Елдосқызы Б.**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКА ЧЕМПИОНА



АКАД СТУДЕНТ ЖЕТІСТ



КӘСІПҚОЙ БОКСТЫҢ ҚЫРАНДАРЫ

Дархан Қабыланбаев басқаратын «Дарын» промоутерлік компаниясы айналдырған екі ай аралығында Алматы қаласында бокстан екі бірдей халықаралық турнир ұйымдастырды. Бұл жарыста Беларусь, Әзірбайжан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей және Қазақстанның бірқатар аймақтарынан келген былғары қолғап шеберлері қатысты.

Айтулы додада Қазақтың Спорт және туризм академиясының бес студенті күш сынасты. Солардың арасынан Бауыржан Биелдинов асқан шеберлігімен көзге түсіп, майталман мамандардың назарына ілікті. Ол кәсіпқой рингте барлығы бес жекпе-жек өткізіп, барлығында қарсыластарын ұрып жықты. Бауыржанның жұдырықтасу тәсілі ұнағаны соншалық, білікті бапкерлер оған «Алатаудың қара қабыланы» деген лақап ат қойды. Сонымен қатар, Шоқан Алпысбаев, Азатбек Жұмадәлі, Азамат Нүркиев, Қанат Сүмбайұлы сынды аталмыш оқу орнының студенттерінің өнері мамандар тарапынан жоғары бағаланды. Сөз орайы келгенде, айтулы боксшыларды ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы Дастан Сәдуақасов, Бекен Бекмұхамбетов, Тайыржан Ысқақов, Бақыт Сәрсекбаев, Қайрат Кәрменов сынды бапкерлер дайындап, қолдау көрсететін айта кеткен жөн. Сонымен қатар Академия басшылары тарапынан да боксшыларға үнемі жанашыр болуда.

«Дарын» компаниясының президенті Дархан Қабыланбаевқа қолдау көрсеткендері үшін алғыс білдіреміз!

ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Бокс ауыр атлетика кафедрасының аға оқытушысы Садуқасов Д.

ЕМІЯ МТЕРІНІҢ ІКТЕРІ

БАУЫРЖАН БИЕЛДИНОВ







МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Страницы истории КазАСТ Руководители КазИФК.....	2
Казахская Академия Спорта и туризма отметила свой 76-ой день рождения!	4
Повышение квалификации «Дене шынықтыруды оқытудың қазіргі жағдайы» – в дистанционном формате.....	6
Академия студенттерінің орталық мұражайға сапары	7
Интервью с президентом академии спорта и туризма Закирьяновым Кайратом Кайруллиновым	
О событиях 16 декабря 1986 года	8
Желтоқсан оқиғасы – ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздік бастауы, ҚазСТА-ның Бірінші проректоры, басқару аппаратының жетекшісі Есқалиев Мұхтар Зайнолдаұлымен сұхбат	9
«Ұлы даланың – ұлы Абайы»	10
Рухани жаңғыру – ұлы даланың ұлы тұлғасы абай	11
Рухани жаңғыру – ұлы даланың жеті қыры мақаласының маңызы.....	11
Жетісудың дәстүрлі музыкасының алтын тірегі	12
Тілендиев Нұрғиса Атабайұлы мемориалдық музейіне экскурсия	
Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, қр еңбек сіңірген жаттықтырушысы Байдосов Қабден Рахманқұлұлын	
Еске алуға арналған ххiii күрес фестивалі.....	14
Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, профессор Бектілеу Қаражановты еске алуға арналған волейбол турнирі.....	15
Жалындап өткен Жұбан аға	16
Қазақ Спорт және туризм академиясы мен «Спорт жұлдыздары» республикалық журналының ұйымдастыруымен	
«Жыл үздігі-2020» жеңімпаздарын марапаттау рәсімі мен	
«Ұлт батырлары» кітабының тұсаукесері	18
«Самый лучший староста – 2020»	20
Тұңғыш президент: тұлға. Тарих. Тағылым» атты студенттер кездесуі	21
Ертуғанның еңбегі еш кеткен жоқ	22
ҚазСТА студенті ҚР Джиу-джитсу чемпионы атанды	24
Кәсіпқой бокстың қырандары	25

СПОРТ ШЕБЕРІ МАСТЕР СПОРТА

№27(36)

қараша–желтоқсан 2020

«Мастер спорта» –
Собственник НАО
«Казахская академия
спорта и туризма»

Президент Казахской академии
спорта и туризма,
профессор Кайрат Закирьянов

Телефоны: 8(727)292-20-56.
<https://kazast.edu.kz/>
Газета распространяется бесплатно.



Редактор **Марал Кенжебаева**
Серікмұратқызы

Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген
Айша Қалиева

ИБ №14113

Подписано в печать 28.12.2020.
Формат 70x100 ¹/₈. Бумага офсетная.
Печать цифровая. Объем 1,75 п.л.
Тираж 100 экз. Заказ №16159.
Издательский дом «Қазақ университеті»
Казахского национального университета
им. аль-Фараби.
050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71. КазНУ.
Отпечатано в типографии издательского дома
«Қазақ университеті».



ГАРВАРД КАЗАХСТАНА 2020–2044

Қазақская Академия спорта и туризма
г. Алматы, проспект Абая 85